

## Мемлекеттік орман иеленушілердің ормандарды шолып, тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010 жылғы 1 қыркүйектегі N 560 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6529 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 26-бабын іске асыру мақсатында,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман иеленушілердің ормандарды шолып, тексеру жүргізу ережесі бекітілсін.
2. «Мемлекеттік орман иеленушілердің орман қарау аймақтарына ревизия жасау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 27 ақпандағы № 82 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4595 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылғы наурызда, «Заң газетінде» 2007 жылғы 18 мамырда № 74 (1103) жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Ж.Ы. Омаров) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а.*

*Е. Аман*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл            шаруашылығы            министрінің            м.            а.

2010            жылғы            1            қыркүйектегі

N 560 бұйрығымен бекітілген

# Мемлекеттік орман иеленушілердің ормандарды шолып, тексеру жүргізу ережесі

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман иеленушілердің ормандарды шолып, тексеру жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 26-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман иеленушілермен жүзеге асырылады.

2. Орманшыға ормандарды шолып, тексеру жүргізу және қызмет бабында пайдалану үшін берілген мүлікті бекітіп беру туралы ұйымның бірінші басшысы - мемлекеттік орман иеленушінің бұйрығы шығарылады.

3. Ормандарды шолып, тексеру жүргізу мерзімдері мен мақсаттарына байланысты жоспарлы, жоспардан тыс және бақылаулық тексеру болып бөлінеді.

## 2. Ормандарды шолып тексеру жүргізу тәртібі және мерзімі

4. Ормандарды шолып, тексеру жүргізуді мемлекеттік орман иеленушілер ұйымдастырады және өткізеді. Оны өткізу үшін ұйымның бірінші басшысы - мемлекеттік орман иеленушінің бұйрығымен екі және одан көп адам құрамында комиссиялар құрылады және осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ормандарды шолып, тексеру жүргізу кестесі бекітіледі.

5. Ормандарды шолып, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізу кезінде комиссиялар құрамына: барлық санаттағы орман шаруашылығының орман шеберлері, орманшыларының көмекшілері, орманшылары, инженерлері, ормандарды күзету, қорғау, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орман иеленушілердің мемлекеттік инспекторлары мен басқа да қызметкерлері енгізіледі.

6. Ормандарды шолып, тексеру жүргізу ол бекітіп берілген орман күтушінің қатысуымен өткізіледі.

7. Жоспарлы тексерулер барлық орман айналымдарында жылына екі рет өткізіледі:

көктемде - қар қабаты кеткеннен кейін, тексеру 1 маусымға дейін аяқталады;

күзде - қар жауғанға дейін, тексеру 1 қарашаға дейін аяқталады.

8. Жоспардан тыс тексерулер бір орманшыдан екінші орманшыға өткізілген кезде:

жұмыстан шығуына, басқа жұмысқа ауысуына, ауырып қалуы себепті жұмыста болмауына, демалысқа шығуына, іссапарда және оқуда болуына; орман күтушінің қанағаттанарлықсыз жұмысы немесе қызмет бабын теріс

пайдалануы туралы өтініштерді тексеру қажеттілігіне байланысты жүргізіледі.

9. Бақылау тексерулер жоспарлы тексерулердің өткізілу сапасын және өткізу тәртібінің сақталуын тексеру мақсатында олардан кейін орманшылықтың орман айналымдарының кемінде 30% қамтып, орман тәртібін бұзушылыққа барынша көп ұшыраған орман айналымдарында жүргізіледі.

10. Орман айналымдарына бақылау тексерулерін өткізу үшін ұйымның бірінші басшысы - мемлекеттік орман иеленушінің бұйрығымен құрамы екі және одан көп адамнан: барлық санаттағы орман шаруашылығы инженерінен, мемлекеттік орман иеленушілер директорларының орынбасарлары мен директорларынан тұратын комиссиялар бекітіледі.

11. Ормандарды шолып, бақылаулық тексерулерін өткізу кезінде оларға өздерінің құзіреті шегінде орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының өкілдері, облыстық атқарушы органдардың орман шаруашылығы құрылымдық бөлімшелерінің, өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлері қатысады.

12. Ормандарды шолып, тексеру жасайтын комиссия:

- 1) ормандардың заңсыз ағаш кесуден қорғалуының қамтамасыз етілуін;
- 2) орман өрттерінің алдын алу және ескерту, оларды дер кезінде байқау және жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын;
- 3) орман орналастыру және орман шаруашылығы белгілерінің, көрнекі насихат құралдарының, көріктендіру элементтерінің сақталуын;
- 4) орман екпелері жоспарының, оған қорғауға сеніп берілген мемлекеттік орман қорының учаскесі мен мүлік тізбесі туралы мәліметтер болуын;
- 5) орман күтушіге сеніп берілген мүліктің бар-жоғын және оның пайдалануға жарамдығын, сондай-ақ оған бекітілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйін;
- 6) қызметтік қару мен оқ-дәрілерді сақтау, алып жүру және қолдану тәртібінің сақталуын;
- 7) орман күтушінің нысандық киімі болуын және оның оны киіп жүру тәртібін сақтауын тексереді.

13. Жоспарлы, жоспардан тыс және бақылау тексерулерін өткізу кезінде рәсімделмеген орман тәртібін, өрт қауіпсіздігі талаптарын және санитарлық талаптарды бұзушылықтар ескеріледі.

14. Заңсыз кесілген ағаштардың түбірлері және орман тәртібін бұзу салдарынан зақымдалған ағаштар таңбаланады.

Тексерулерді барлық санаттағы орман шаруашылығының инженерлері және бекітіп берілген таңбалары жоқ басқа мамандар жүргізген кезде таңбалау тексеруге қатысушы маманның таңбасымен жүргізіледі.

### 3. Ормандарды шолып тексеру бойынша құжаттама және есептілік

15. Ормандарды шолып, тексеру аяқталғаннан кейін осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша екі дана акт жасалады.

16. Орман шолып жоспарлы тексерулердің қорытындылары туралы есептіліктерді мемлекеттік орман иеленушілер олар аяқталғаннан кейін осы Ереженің 7-тармағында белгіленген 30 күнтізбелік күн ішінде осы Ереженің 2 және 3-қосымшаларына сәйкес нысандар бойынша жоғары тұрған ұйымға және орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясына түсіндірме жазбахатпен береді.

Мемлекеттік орман иеленушілердің  
ормандарды шолып, тексеру  
жүргізу ережесіне  
1-қосымша  
Нысан  
Бекітемін  
\_\_\_\_\_ ұйымның басшысы-мемлекеттік  
орман иеленушінің тегі, аты-жөні  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бойынша 20 жылға арналған  
(мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

(көктем, күз мерзімі) Ормандарды шолып, тексеру жүргізу кестесі

р/№	Мемлекеттік орман иеленушінің құрылымдық бөлімшесі	Өткізу мерзімі	Тексеру жүргізетін тұлғаның тегі, аты-жөні
1.			
2.			

Мемлекеттік орман иеленушілердің  
ормандарды шолып, тексеру  
жүргізу ережесіне  
2-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (Мемлекеттік орман иеленушінің атауы)

**Ормандарды шолып, тексеру жүргізу актісі**



12								
16								
20								
24								
28								
32								
36								
40								
44								
Барлығы ағаштар және әрбір тұқым бойынша олардың көлемі								
Түбірімен босатылатын ағаш үшін ақының базалық ставкалары бойынша сүректің құны								

4. Тексеру жасалып отырған кезеңде № \_\_\_\_\_ орман айналымы бойынша заңсыз ағаш кесу туралы қорытынды деректер: барлығы заңсыз ағаш кесу \_\_\_\_\_ м<sup>3</sup>, түбірімен босатылатын ағаш үшін ақының базалық ставкалары бойынша сүректің құны мың теңге.

5. Заңсыз ағаш кесулердің барлық түбірлері ормандарды шолып, тексеру кезінде \_\_\_\_\_ таңбасымен \_\_\_\_\_ таңбаланды \_\_\_\_\_ (таңбаның түрін көрсету) (белгіні түсіру)

6. Анықталған тәртіп бұзушылықтар: (орман тәртібі бұзылған орындар көрсетілсін - орам, телім, түрі, көлемі): \_\_\_\_\_

---



---



---



---



---



---



---

7. Орман күтушіге берілген мүліктің болуы және пайдалануға жарамдылығы, сондай-ақ оған бекітіп берілген көліктің, байланыс құралдарының, арнайы құралдардың техникалық жай-күйі \_\_\_\_\_

---

8. Орман күтушіге берілген қару мен оқ-дәрінің, жеке қорғану құралдарының жай-күйі және күтіп ұсталуы: \_\_\_\_\_

9. Орман айналымы екпелері жоспарының және паспортының болуы \_\_\_\_\_

10. Нысанды киімнің бар-жоғы және күтіп ұсталуы \_\_\_\_\_

11. Комиссияның қорытындысы және тұжырымдамасы: \_\_\_\_\_

Қолдар:

\_\_\_\_\_ (тексеру жасаушылардың қолы, аты-жөні және тегі)

\_\_\_\_\_ (тексеру жасап отырған адамның қолы, аты-жөні және тегі)

\_\_\_\_\_ (қатысушылардың қолы, аты-жөні және тегі)

Мемлекеттік орман иеленушілердің  
ормандарды шолып, тексеру  
жүргізу ережесіне  
3-қосымша  
Нысан

**\_\_\_\_\_ облыс бойынша 20\_\_ жылы мемлекеттік орман иеленушілері  
бойынша \_\_\_\_\_ ормандарды шолып, тексеру материалдарының  
жиынтық ведомосы**

Ұйым атауы	Орман айналымдарының саны		Тексеру хаттама толтырылмаған өз бетімен ағаш кесуді анықтады		Тексерулер аралығында заңсыз ағаш кесуге хаттама толтырылды					
	жоспар бойынша	нақтысы	көлемі, текше метр	залалдың мөлшері, мың теңге	анықталған адамдарға			анықталмаған адамдарға		
					оқиғалар	көлемі текше метр	залалдың мөлшері, мың теңге	оқиғалар	көлемі, текше метр	залалдың мөлшері, мың теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

**кестенің жалғасы**

Хаттама жасалған заңсыз ағаш кесулер жиыны		Тексеру кезіндегі заңсыз ағаш кесулер барлығы		жалпы көлемінің кесулерінен хаттама жасалған көлемнің пайызы	кесулерден тыйым салынған ағаш көлемі, текше метр	хаттама жасалған кесулерден тыйым салынған ағаш көлемінің пайызы
көлемі, текше метр	залалдың мөлшері, мың теңге	көлемі, текше метр	залалдың мөлшері, мың теңге			
12	13	14	15	16	17	18

**кестенің жалғасы**

Өзге орман тәртібін бұзушылықтар					
Орман тәртібін бұзушылықтар		Өз бетімен мал жаю		Өз бетімен шөп шабу	
оқиға саны	залалдың мөлшері, мың теңге	оқиға саны	залалдың мөлшері, мың теңге	оқиға саны	залалдың мөлшері, мың теңге
19	20	21	22	23	24

**кестенің жалғасы**

Орман тәртібін бұзушылықтар бойынша істердің қозғалысы				Тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдар				
тәртіптілік жауапкершілікке тарту	айыппұл салынды, мың теңге	сотқа берілген істер	шығарылған процессуалдық шешім	Қызметінен босатылды		қызметтен төмендетілген	қызметі жоғарланған	жаза қолда
				заң органдарына берілген	заң органдарына берілмеген			
25	26	27	28	29	30	31	32	33

**Мемлекеттік орман иеленушілердің ормандарды шолып, тексеру жүргізу ережесіне 4-қосымша**



Нысан

бойынша

(мемлекеттік орман иеленуші)

(көктем, күз мерзімі)

ормандарды шолып, тексерудің материалдары бойынша

20

және

20 жылдары

заңсыз

ағаш

кесу

(көктем, күз мерзімі) туралы есеп

Мемлекеттік орман иеленуші бөлім шесінің атауы	Жылдар көктем күз	Заңсыз ағаш кесу, м <sup>3</sup>			Заңсыз ағаш кесуге хаттама жасалды, м <sup>3</sup>		Орман тәртібін бұзушылықтар бойынша істердің қозғалысы		Секвестрленген сүрек	
		барлығы	оның ішінде хаттама жасалғаны	%	анықталған адамдарға	анықталмаған адамдарға	Құқық қорғау органдарына берілген істер	Сотқа берілген істер	м <sup>3</sup>	хаттама жасалған заңсыз ағаш көлемінің %
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11